

«Жастар поэзиясы жаңа белесте»

С. Торайғыров атындағы облыстық кітапханада Қазақстан Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай Қарағанды облыстық кітапхананың «Жыр-жауһар» клубының жас ақындары және Павлодар облыстық кітапхананың «Өркен» клубы «Жастар поэзиясы жаңа белесте» атты онлайн – кездесу өткізді.

Ертістің Керску өңірі – ертеден әдебиет пен өнердің қайнаған ортасы. Екі өлкенің арасындағы байланысты орнату Тәуелсіздіктің кадр - қасиетін ұлықтау, оны нығайтып, мәңгілік ету, жастар арасында ақындық өнерді дәріптеу, жас өрен ақындарға қолдау көрсету.

Аталмыш шараға ақын, Қазақстан Жазушылар одағы Павлодар облыстық филиалының директоры Арман Қани, Қарағанды облыстық Жазушылар одағы филиалының директоры Серік Ақсұңқарұлы, профессор Қойлыбай Асанов, танымал ақындар Жарқынбек Амантай, Өзгеріс Қуанар, Айбек Оралхан, Жалел Шалқар, Рауан Қабидолдин, Мирас Асан, Ақмаржан Шорабаева, Жәнібек



Әлиман, Еркебұлан Елеусізұлы, Перизат Жанқылышбаева және т.б. қатысты.

Жастар еңселі еліміздің егемендігін жырға қосып өлеңдерін оқыды, және әдеби өмірдің мәселелерін талқылап, тәжірбие алмасты. Екі өлкенің сөз өнерін пір тұтқан ақындар жастар поэзиясы ерекше қарқынмен келе жатқанын айтып, болашақтан көп үміт күттіретін бір-біріне ұқсамайтын дара таланттар өсіп келе жатқандығын атап өтті.

Б.Т. БУКАШЕВА,
С. Торайғыров атындағы облыстық кітапхана қызметкері